

Азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру мен жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы және Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін, есімін және әкесінің атын өзгерту жөніндегі өтінімдерді қарау тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қыркүйек N 1175. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.05.22. N 620 қаулысымен. ~P990620

"Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2923 Жарлығына U962923_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

Азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру мен жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы Ереже;

Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін, есімін және

әкесінің атын өзгертуі жөніндегі өтінімдерді қарау тәртібі туралы Ереже.

2. Азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі куәліктер бланкілерінің 1-7 қосымшаларға сәйкес үлгілері бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі азаматтық хал актілері куәліктерінің бланкілерін жасап шығару жөніндегі шығыстарды 1996 жылға арналған республикалық бюджетте аталған мақсаттар үшін көзделген қаражат шегінде жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1175 қаулысымен
Бекітілген

Азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру мен жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы
ЕРЕЖЕ

1. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу тәртібі

1. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді жеткілікті негіздер болған және мүдделі тұлғалар арасында дау болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың хал актілерін жазудың аудандық және қалалық бөлімдері (бұдан әрі - АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері) жүргізеді.

Мүдделі тұлғалар арасында дау болған жағдайда азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мәселелері сот тәртібімен шешіледі.

2. Жеткілікті негіздер болғанда азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу мынадай жағдайларда:

1) ұл (қыз) асырап алуға байланысты оның тегі, есімін, әкесінің аты, туған жері мен күні өзгертілгенде, сондай-ақ бала асырап алушыларды сол баланың ата-анасы ретінде жазғанда;

2) некені бұзуға немесе некенің күші жоқ деп танылуына байланысты ерінің (зайыбының) тегі өзгертілгенде;

3) ата-анасының арасындағы некенің тоқталуына немесе некенің күші жоқ деп танылуына байланысты кәмелетке толмаған баланың тегін өзгерткенде;

4) әкелігінің анықталғанын тіркегенде;

5) некеге тұрмаған ананың баланың туылғаны туралы актінің

жазбасына баланың әкесі туралы мәліметтерді енгізу туралы өтініші түскенде;

6) ұл (қыз) асырап алудың күшін жою немесе оның күші жоқ деп тану, сондай-ақ некенің күші жоқ деп тану туралы сот шешіміне байланысты;

7) баланың туу туралы акт жазбасынан баланың әкесі немесе шешесі туралы мәліметтерді алып тастау туралы сот шешіміне байланысты;

8) тегін, есімін және әкесінің атын өзгерткенде;

- 9) ата-анасының тегі мен есімдерінің өзгеруіне байланысты кәмелетке толмаған баланың тегі мен әкесінің аты өзгертілгенде;
- 10) азаматтық хал актілері жазбаларында қателіктер сот тәртібімен анықталғанда;
- 11) әкелікті анықтау туралы сот шешімінің күші жойылғанда;
- 12) егер азаматтық хал актісі жазбасында қосарланған есім немесе қосарланған әкесінің аты көрсетілген болса;
- 13) егер азаматтық хал актісі жазбасында ата-анасының тегі, есімі, әкесінің аты немесе ұлты көрсетілмесе;
- 14) егер азаматтық хал актісі жазбасында қате мәліметтер көрсетілсе;
- 15) егер туылғанын тіркеу кезінде тегі балаға немесе есімі ата-анасының тілегі ескерілмей берілсе;
- 16) егер баланың мүддесіне орай баланың оның туылғаны туралы акт жазбасында көрсетілгеннен өзге есімі болса;
- 17) егер туу туралы акт жазбасында баланың есімі толық көрсетілмесе (кішірейтіліп, еркелетіп, қысқартылып көрсетілсе);
- 18) егер азаматтық хал актісін тіркеу кезінде қателер (бұрмалаулар, мәліметтерді немесе жекелеген сөздерді тастап кету) жіберілген болса;
- 19) жынысын өзгертуге байланысты тегін, есімі мен әкесінің атын түзету қажет болса;

20) ұлттық дәстүрлерге байланысты тегін, әкесінің немесе атасының атынан туындайтын тегін өзгерткенде жүргізіледі;

21) ұлты өзгерген жағдайда.

3. Азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу:

- 1) ұл (қыз) асырап алу туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің;
- 2) кәмелетке толмаған баланың тегін өзгерту туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің;
- 3) әкелігі анықталғаны туралы акт жазбасының;
- 4) азаматтық хал актісі жазбасындағы қателіктердің анықталғаны туралы сот шешімінің;

5) некені бұзу туралы, туу туралы акт жазбасынан баланың әкесі немесе шешесі жөніндегі мәліметтерді алып тастау туралы, әкелігі анықталғандығы туралы бұрын шығарылған сот шешімін жою туралы ұл (қыз) асырап алудың күші жоқ деп немесе жарамсыз деп тану туралы; сондай-ақ некенің күші жоқ деп

тану туралы сот шешімінің;

6) тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы акт жазбасының;

7) некеде тұрмаған ананың туу туралы актілерді тіркеу кітабына баланың әкесі туралы мәліметтер енгізу жөніндегі өтінішінің;

8) ұлттық дәстүрлер бойынша, әкесінің немесе атасының атынан туындайтын тегіне тегін өзгерту туралы тұлғаның өтінішінің;

9) өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органы бекіткен АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің қорытындысының;

10) ұлтын өзгерту туралы ішкі істер бөлімдерінің анықтамалары негізінде жүргізіледі.

Қорытынды АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдерімен осы Ереженің 2-тармағының 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-тармақшаларында көзделген жағдайларда жасалады.

4. Азаматтық хал актісі жазбаларында өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтінім өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне беріледі. Арыз екі ай мерзімде қаралуға жатады. Дәлелді себептер болған кезде АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің меңгерушісі көрсетілген мерзімді бір айдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

5. Баланың тууын тіркегенде балаға ата-аналарының тілектері ескерілмей тегі немесе есімі берілуіне байланысты, сондай-ақ егер бала оның туу туралы акт жазбасында көрсетілген есімнен нақты басқа есімде болса, ата-аналардың баланың тегін не есімін өзгерту туралы өтініштерін АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері бала он алты жасқа толғанға дейін қабылдайды.

6. Қайтыс болған адамдарға қатысты азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу заңды мұрагерлер шеңберіне енетін адамдардың өтініші бойынша осы Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

7. Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізгенде немесе осы Ереженің 2-тармағының 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-тармақшаларында көзделген жағдайларда одан бас тартқанда, АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері аумақтық әділет органында бекітілетін қорытындылар жасайды.

Азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар және түзетулер енгізуден бас тартуға сот тәртібімен шағым беруге болады.

8. Қорытындылар мен азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін негіз болып табылатын осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген құжаттар тиісті жазба жасалған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдеріне орындалуға жіберіледі.

Тиісті жазу сақталған АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді құжаттар түскен күннен бастап 15 күндік мерзімде жүргізеді. Сонымен бірге өтініш берушіге азаматтық хал актісін тіркеу туралы жаңа куәлік жазылады немесе өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша, оған тапсыру үшін, АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне жіберіледі.

Әскери міндетті және әскер қатарына шақырылатындардың азаматтық хал актілері жазбаларына олардың тегі, есімі, әкесінің аты, туған күні мен жері туралы енгізілген өзгерістер туралы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі 7 күндік мерзімде аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа хабарлайды.

Азаматтық хал актілері жазбасына енгізілген өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер туралы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі аумақтық әділет органының АХАЖ-ы бөлімінің архивіне белгіленген нысандағы хабарлама жібереді.

9. Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының органдарында тіркеген және шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтінішті Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесіне береді.

Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесінің өтінімі бойынша азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді тиісті актінің тіркелу орны бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі жүргізеді.

10. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының органдарында тіркеген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу осы Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

2. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру тәртібі

11. Азаматтық хал актілерінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру туралы өтінім өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне беріледі.

Арыз екі ай мерзімде қаралуға жатады. Дәлелді себептер болған кезде АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің меңгерушісі көрсетілген мерзімді бір айдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

Аумақтық әділет органы ерекше жағдайларда мерзімді әрі қарай ұзартуы мүмкін, бірақ екі айдан аспайтын уақытқа.

12. АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдеріндегі азаматтық хал актілері жазбаларының жоғалуы сол жоғалған жазбаның жасалған жері бойынша АХАЖ-дың облыстық (қалалық) бөлімінің архивімен расталуы тиіс.

Жоғалған жазбаларды АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері тарапынан қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде азаматтық хал актісін тіркеу фактісі сот тәртібімен белгіленеді.

13. Неке қию, ұл (қыз) асырап алу, әкелікті анықтау, тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту, некені бұзу, қайтыс болғаны туралы актілердің жоғалған жазбаларын қалпына келтіру тиісті жазбаның бұрын болғандығын растайтын құжаттар болғанда ғана немесе сот шешімі негізінде жүргізіледі.

14. Ұсынылған құжаттар мен тексерулердің нәтижелері негізінде өтініш берушінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі азаматтық хал актісінің жоғалған жазбасын қалпына келтіру немесе одан бас тарту туралы аумақтық әділет органы арқылы бекітілетін қорытынды жасайды. Азаматтық хал актісі жазбасын қалпына келтіруден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

15. Азаматтық хал актісі жазбасын қалпына келтіру туралы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің қорытындысы қалпына келтірілген жазбаны тіркеу үшін жоғалған жазбаның жасалған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне жіберіледі.

16. Азаматтық хал актісінің тіркелу фактісі сот тәртібімен белгіленген кезде АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі азаматтық хал актісінің жазбасын қорытынды жасамай-ақ сот шешімі негізінде тіркейді.

17. Қалпына келтірілген азаматтық хал актісінің жазбасын тіркеуді жоғалған жазба болған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі күнделікті тіркеу кітабында, ал қалпына келтірілген туу туралы акт жазбасын туу туралы қалпына келтірілген актілерді тіркеу кітабында жүргізеді.

АХАЖ-дың басқа аудандық (қалалық) бөлімдерінен келіп түскен қорытындылар бойынша қалпына келтірілген жазбаларды тіркеу 15 күндік мерзімде жүргізілуге тиіс.

Қалпына келтірілген жазба негізінде өтініш берушіге азаматтық хал актісін тіркеу туралы куәлік жазылады немесе өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша оған тапсыру үшін АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне жіберіледі.

Қалпына келтірілген жазбаның екінші данасы аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің архивіне жіберіледі.

18. Шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары және

азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының органдарында тіркеген шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар жоғалған азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесіне береді.

Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіруді жоғалған жазба болған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесінің өтінімі бойынша жүргізеді.

19. Қазақстан Республикасы аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының органдарында тіркелген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру осы Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

20. Егер заңмен белгіленген тіркеу мерзімі өтіп кетсе, туу

туралы актінің жазбасын тіркеу осы тарауда көзделген ережелер бойынша жүргізіледі.

21. Тарихи Отанына қайта оралған және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарға қатысты мерзімі өтіп кеткен туу туралы акт жазбасын тіркеу. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының анықтамасы негізінде жүргізіледі.

3. Азаматтық хал актілері жазбаларын жою

22. Азаматтық хал актісі жазбалары мынадай жағдайларда жойылуы мүмкін:

- 1) сот шешімі негізінде;
- 2) мүдделі адамдардың АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдеріне берген өтініші бойынша;

3) бастапқы, қалпына келтірген және қайта жасалған жойылуға жататын жазбаны тапқан АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің бастамасы бойынша;

4) егер неке ерлі-зайыптылардың біреуі хабар-ошарсыз жоғалып кетті деп заңмен белгіленген тәртіпте хабарландырылуына байланысты бұзылса, адамды хабар-ошарсыз жоғалып кетті деп тану туралы сот шешімі бұзылған және неке қалпына келтірілген кезде некені бұзу туралы акт жазбасын осы жазба жасалған жердегі АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі жояды.

23. Қалпына келтірілген немесе қайта жасалған жазбаны тапқан мүдделі адамдардың мәлімдеуін алған АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі акт жазбасының тиісті көшірмелерін жинайды және аумақтық әділет органы

АХАЖ-ының бөліміне азаматтық хал актілерінің жазбасын жою жөнінде қорытынды жасау үшін материалдарды жібереді.

24. Азаматтық хал актілерінің жазбасын жою туралы мүдделі адамдар сотқа немесе тұрақты тұрғылықты жері бойынша АХАЖ-дың бөліміне өтініш береді. Азаматтық хал актілерін жою туралы өтініштерді АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері бір ай мерзімде қарауы керек.

25. АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі тиісті азаматтық хал актілері жазбаларын сот шешімі негізінде, сондай-ақ осы Ереженің 22-тармағының 4-тармақшасында көзделген жағдайда жоюды қорытынды жасамай-ақ жүргізеді. Қалған жағдайларда міндетті түрде қорытынды жасалуы керек.

26. Азаматтық хал актісінің жазбасын жою туралы немесе жоюдан бас тарту туралы қорытындыға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

27. Азаматтық хал актілері жазбасын жоюды жазба сақталған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі 15 күндік мерзімде жүргізеді. Жазба жойылғанға дейін берілген куәліктер алынады және жойылады.

28. Азаматтық хал актілерінің жазбалары жойылғаны туралы өтініштері бойынша азаматтық хал актілері тіркелген адамдарға және тиісті аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің архивіне хабарланады.

29. Бастапқы жазбаны тапқан жағдайда шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының бөлімдерінде тіркелген және шетелде тұрақты тұратын шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қайта қалпына келтірілген немесе қайта жасалынған азаматтық хал актілері жазбаларын жою жөніндегі өтініштерін Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемелеріне береді.

Жазбаларды жоюды жойылуға жататын жазба сақталған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі жалпы тәртіппен шетелдегі Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің тиісті аумақтық әділет органы АХАЖ-ының бөліміне жіберетін өтінімі бойынша жүргізеді.

30. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасы АХАЖ-ының аудандық (қалалық) бөлімдерінде тіркеген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық хал актілері жазбаларын жою осы Ережемен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

4. Азаматтық хал актілері кітаптарын сақтау тәртібі мен мерзімдері

31. Тиісті ауданның (қаланың) аумағында жасалған азаматтық хал актілерін

тіркеу кітаптарының бірінші даналары АХАЖ-дың аумақтық (қалалық) бөлімі
а р х и в і н д е с а қ т а л а д ы .

Азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының екінші даналары мен тиісті облыстың аумағында жасалған туу туралы кітаптар аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің архивінде сақталады.

32. Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінде жасалған азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының бірінші даналары Алматы қалалық әділет басқармасы АХАЖ-ының архивінде, ал екіншілері Алматы облыстық әділет басқармасы АХАЖ-ының архивінде сақталады.

33. Азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптары мен туу туралы кітаптар соңғы жазба жасалған уақыттан бастап АХАЖ-ы бөлімдерінің архивінде 75 жыл бойы
с а қ т а л а д ы .

75 жыл өткеннен кейін азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының бірінші даналары мен туу туралы кітаптарды АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері аумақтық әділет органдарының АХАЖ-ы бөлімінің архивіне өткізеді.

34. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуде негізге алынған құжаттар және тиісті аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің жоғалған не жойылған жазбаны қалпына келтіру туралы қорытындысы жазбаға өзгерістер, толықтырулар, түзетулер енгізген немесе акт жазбасын қалпына келтірген, жойған АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінде 50 жыл бойы, ал тексерулердің материалдары қорытынды шығарған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінде 5 жыл бойы сақталады. Осы материалдар көрсетілген мерзімдер біткенде, белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

35. Азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптары мен туу туралы кітаптарды сақтау шарттарын, сондай-ақ бұл кітаптарды сақтауға мемлекеттік архивке өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
а й қ ы н д а й д ы .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 26 қыркүйектегі

N 1175 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін, есімін және әкесінің атын өзгертуі жөніндегі өтінімдерді қарау тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін, есімін және әкесінің атын өзгертуге олар 16 жас шамасына толуы бойынша жол беріледі.

2. Тегін, есімін және әкесінің атын өзгертуді аумақтық әділет органдарының рұқсатымен жергілікті атқарушы органдардың аудандық және қалалық азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері (бұдан әрі - АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдері) жүргізеді.

Тегін, есімін және әкесінің атын өзгертуге бұл үшін мынадай дәлелді себептер болған жағдайларда ғана рұқсат беріледі, атап айтқанда:

- 1) тегінің, есімінің, әкесінің атының оғаш естілуі;
- 2) тегінің, есімінің, әкесінің атының айтылу қиындығы;
- 3) некеге дейін жұбайлар өз тегінде болып, кейін олардың бірі екіншісімен ортақ текті иемденгісі келсе;
- 4) егер некені бұзу кезінде бұл туралы айтылмаса, жұбайлардың бірі некеге дейінгі (әулеттік) тегін қайта алғысы келсе;
- 5) неке бұзылмаған жағдайларда бірінші некеден туған балаларымен бірдей текте болғысы келсе;
- 6) егер жұбайы қайтыс болып, некеге дейінгі (әлеуметтік) тегін алғысы келсе;
- 7) егер жұбайы қайтыс болып, ал өтініш беруші некеге дейінгі тегінде болып, ол балаларымен ортақ текте болғысы келсе;
- 8) егер өтініш берушіні тәрбиелеуге әкесі (шешесі) қатыспаса, ол шешесінің (әкесінің) тегінде болғысы келсе;
- 9) өтініш беруші өгей әке (өгей шеше) тәрбиесінде болып, оның тегін алуға немесе бала асырап алуды ресімдеу мүмкін болмағанда әкесінің атының орнына өгей әкесінің атын қабылдағысы келсе;
- 10) егер өтініш берушіні тәрбиелеуге ата-анасы қатыспаса, оны асырап алуды ресімдеу мүмкін болмаса, ол өзін нақты тәрбиелеген атасының, әжесінің немесе басқа адамның тегін алғысы келсе;
- 11) егер өтініш берушіні тәрбиелеуге әкесі қатыспаса, өтініш

иесі өзін нақты тәрбиелеген адамның атын өзінің тегі етіп алғысы келсе;

12) өтініш беруші (ата-анасы әр ұлттан болса) өзінің есімі мен тегі таңдаған ұлтына сәйкес болуын қаласа;

13) ұлттық дәстүрлерге байланысты әкесінің немесе атасының атынан туындайтын текте болғысы келсе.

Басқа жағдайларда тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге айрықшылық ретінде ғана рұқсат етіледі.

3. Қазақстан Республикасы азаматының тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінімі оның тұрғылықты жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімдеріне беріледі.

4. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту жөніндегі өтінімде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) өтініш берушінің тегі, есімі, әкесінің аты;
- 2) туған күні мен жері;
- 3) ұлты;
- 4) отбасы жағдайы;
- 5) әскери қызметке қатысы;
- 6) балалары туралы мәліметтер (тегі, есімі, әкесінің аты, туған жері мен уақыты, олардың тұратын мекен-жайы);
- 7) өтініш беруші сотта немесе тергеуде болды ма, егер болса қылмыстық жауаптылыққа қашан және не үшін тартылды;
- 8) бұдан бұрын тегін, есімін, әкесінің атын өзгертті ме, егер өзгертсе қашан және қай жерде;
- 9) қалаған тегі, есімі, әкесінің аты;
- 10) тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту себептері;
- 11) өтініш берушінің жұмыста, оқуда, әскери қызметте және т.б. болған мерзімдері көрсетілген тұрған жерлерінің толық тізбесі;
- 12) өтініммен келген күнге дейінгі тұрғылықты жері мен жұмыс орны;

5. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) өмірбаян;
- 2) өтініш берушінің туу туралы куәлігі;
- 3) егер өтініш беруші некеде тұрса, неке қию туралы куәлігі;

- 4) жасы кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігі (егер өтініш берушінің кәмелетке толмаған балалары болса);
- 5) (егер АХАЖ-дың аудандық (қалалық) органдарында бұлар тіркелген болса)
) бала асырап алу туралы куәлік немесе әкелікті айқындау туралы куәлік;

б) (егер өтініш беруші некенің бұзылуына байланысты өзіне некеге дейінгі тегін беру туралы өтінім жасаса) некенің бұзылуы туралы куәлік;

7) өтініш берушінің тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуді өтуіне байланысты себептерді растайтын құжаттар;

8) өтініш берушінің 2 фотосуреті.

6. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінім берген өтініш берушіден төлқұжаты (әскери қызметшіден - оның жеке басын куәландыратын құжат, ал 16 жасқа толған және төлқұжат алмаған адамнан - туу туралы куәлік) талап етіледі.

АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі өтініш берушінің өтінімінде көрсетілген мәліметтерді құжаттармен салыстырып, оған тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге байланысты туындайтын салдарларды (төлқұжат және кейбір басқа құжаттарды ауыстыру қажеттілігін, мемлекеттік баж төлеуді, сондай-ақ құжаттарда көрсетілген мәліметтерде үйлеспеушілік болса, құқық белгілеуші құжаттардың кімдікі екендігі фактісі сот тәртібімен белгіленетіндігін) түсіндіруге міндетті.

7. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінім АХАЖ-ы органдарының архивтерінде тегін, есімін, әкесінің атын өзгерткісі келген адамның туу туралы және неке қию туралы актілерінің жазбалары болса (егер өтініш беруші некеде тұрса) ғана қаралады.

Туу туралы немесе неке қию туралы актілердің (егер өтініш беруші некеде тұрған болса) жазбалары жоғалған жағдайларда, өтінім Азаматтық хал актілерінің жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру мен жою тәртібі және азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарын сақтау мерзімдері туралы ережеге сәйкес жазба қалпына келтірілгеннен кейін ғана қаралады.

8. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы мәселені дұрыс шешу үшін АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі өтініш берушінің тууы туралы акт жазбасының көшірмесін, егер өтініш беруші некеде тұрған болса, неке қию туралы акт жазбасының көшірмесін, оның кәмелетке толмаған балаларының туу туралы акт жазбаларының көшірмелерін, ал тиісті жағдайларда - бала асырап алу және әкелікті айқындау, неке бұзу туралы акт жазбаларының көшірмелерін талап етеді.

9. Қажет болған кезде АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі өтініш берушіден және тиісті мекемелерден қосымша мәліметтер немесе құжаттар талап етеді және алынған материалдар негізінде өтінімнің мазмұны, тегін, есімін, әкесінің атын өзгертудің негізділігі, тексеру нәтижелері және өтініш берушінің тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту мүмкіндігі туралы пікір айтылатын қорытынды жасайды. Қорытынды екі данада жасалады. Қорытындының бірінші данасы басқа материалдармен бірге аумақтық әділет органына жіберіледі. Екінші данасы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінде қалдырылады.

10. Аумақтық әділет органы тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге рұқсат береді немесе бұдан бас тартады.

Тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге рұқсат берілгендігі туралы немесе одан бас тарту туралы өтінім берушіге және материал жіберген АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне хабарлайды.

Өтінім қанағаттандырылған жағдайда өтініш берушіге оның өзгерген тегін, есімін, әкесінің атын үш айлық мерзімде тіркеуге тиіс екендігі түсіндіріледі. Бұл мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алған жағдайда текті, есімді, әкесінің атын өзгертуге берілген рұқсат күшін жояды. Бұл жағдайда қайтадан берілген өтінім тек бір жыл өткен соң ғана қаралады.

Тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуден бас тартқан жағдайда өтініш иесіне одан алынған құжаттар қайтарылады.

11. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуден бас тартуға сотта шағым жасалуы мүмкін.

12. Мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек көрсетілген кезде өтінімді қабылдаған АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі, тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы рұқсатқа сәйкес тегінің, есімінің, әкесінің атының өзгертілуін тіркейді.

Тегінің, есімінің, әкесінің атының өзгертілуіне байланысты өтініш берушінің төлқұжаты заңмен белгіленген мерзімде ауыстыруға жатады.

13. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту тіркелгендігі туралы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі облыстық (Алматы қалалық) атқару органының ішкі істер басқармасына хабарлайды.

14. Тегінің, есімінің, әкесінің атының өзгеруін тіркеген АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі өтініш берушінің тегінің, есімінің, әкесінің атының өзгеруіне байланысты тиісті жазбаларға өзгерту енгізу үшін азаматтық хал актілері жазбаларының жасалған жері бойынша АХАЖ-ы бөліміне бұл жөнінде және жаңа куәлік жіберілгені туралы хабарлама жөнелтеді.

Өзгерістер азаматтық хал актілерінің мынадай жазбаларына енгізіледі: некеде тұрмайтын адам тегін өзгерткен кезде - туу туралы акт жазбасына; адам некеде тұрып, текті өзгертуді тіркеу сәті қарсаңында неке бұзылған жағдайларда мынадай жазбаларға өзгерту енгізу жасалады:

1) егер жұбайы ажырасқан соң некелескенге дейінгі тегінде қалса - балаларының туу туралы акт жазбасына және неке бұзу туралы акт жазбасына;

2) егер жұбайы ажырасқан соң екіншісінің тегін не одан бұрынғы некесі бойынша жұбайының тегін қалдырса - некені бұзу туралы акт жазбасына;

3) тек неке бұзуға байланысты некелескенге дейінгі тегіне өзгертілген кезде - некені бұзу туралы акт жазбасына;

4) егер некеде тұратын адам екінші жұбайының тегінде болып, ол тегін

өзгерткенде, соның ішінде некелескенге дейінгі тегін өзгерткен кезде - неке қию туралы акт жазбасына ;

5) егер некеде тұратын адам некеде тіркелген соң некелескенге дейінгі тегін қалдырған болса, бұл адам тегін өзгерткен кезде - туу туралы акт жазбасына және неке қию туралы акт жазбасына ;

6) егер некеде тұратын адам неке тіркелген соң бұрынғы некесі бойынша жұбайының тегін қалдырған болса, бұл адам тегін өзгерткен кезде - неке қию туралы акт жазбасына ;

7) некеде тұратын адам некелескенге дейінгі тегін жұбайының тегіне өзгерткенде - неке қию туралы акт жазбасына ;

8) есімін, әкесінің атын өзгерткенде туу туралы акт жазбасына, ал некеде тұратын адамдарға қатысты - сондай-ақ неке қию туралы акт жазбасына ;

9) ұлттық дәстүрлер бойынша текті әкесінің немесе атасының атынан туындайтын текке өзгерткен кезде - туу туралы акт жазбасына, ал қажет болған жағдайларда басқа да жазбаларға .

Егер өтініш берушінің некесі оның алғашқы некесі болмаса, онда неке қию туралы, сондай-ақ некені бұзу туралы бұрынғы акт жазбаларына өзгерістер енгізілмейді .

Ата-аналары тегін өзгерткен кезде 16 жасқа толмаған балаларының туу туралы акт жазбаларындағы тектері міндетті түрде түзетіледі.

Егер ата-ананың біреуі тегін өзгерткен болса, онда 16 жасқа толмаған балалардың тектерін өзгерту туралы мәселе ата-ананың келісімі бойынша, ал келісім болмағанда - қорғаншы және қамқоршы органмен шешіледі.

Әкесі есімін өзгерткен жағдайда 16 жасқа толмаған балалардың туылғаны туралы акт жазбаларында олардың әкесінің аты түзетіледі.

Асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылған асырап алушылар тектерін немесе баланың әкесі ретінде жазылған асырап алушы есімін, сондай-ақ әкелігі АХАЖ-ы органдарында тіркелген адам тегін және есімін өзгерткен кезде жоғарыда аталған тәртіпте, 16 жасқа толмаған балалардың туылған туралы акт жазбасына, сондай-ақ асырап алу туралы акт жазбасына және әкелікті айқындау туралы акт жазбасына өзгерістер енгізіледі.

Ата-ананың біреуі тегін, есімін, әкесінің атын өзгерткен кезде балалардың туылғаны туралы акт жазбаларындағы ата-ана туралы мәліметтер өзгертіледі. Егер асырап алушылар асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылған болса, асырап алынған балалардың туу туралы акт жазбаларына, сондай-ақ асырап алу және әкелікті айқындау туралы акт жазбаларына да осындай өзгерістер енгізіледі .

Асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазылмаған асырап алушылар тегін, есімін, әкесінің атын өзгерткен кезде, тек асырап алу туралы акт жазбасына

ғана өзгеріс енгізіледі.

Егер балалардың туылғаны туралы актілердің жазбалары сақталмаса, жазбаға қажетті өзгерістер енгізу туралы АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне келіп түскен хабарлама тиісті белгі қойылып, осы хабарламаны жіберген АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне қайтарылады.

Некеде тұрған адамның тегін өзгерту екінші жұбайдың тегін өзгертуді қажет етпейді.

15. АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі әскери міндеттілер мен әскер қатарына шақырылатындардың азаматтық хал актілері жазбаларына енгізілген тегі, есімі, әкесінің аты туралы өзгерістерді 7 күндік мерзімде аудандық (қалалық) әскери комиссариатқа хабарлайды.

16. Акт жазбаларының жасалған жері бойынша АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі оларға қажетті өзгерістер енгізеді және жазбалардың екінші даналарына өзгерістер енгізу үшін хабарламаны аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің облыстық, Алматы қалалық архивіне жібереді.

Өзгерістер енгізген соң, акт жазбасына ("белгілеу үшін" бағанында) жазбаны жасаған адамның қойған қолымен және АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінің мөрімен куәландыратын, өзгерістің күні мен негізін көрсете отырып, белгі қойылады. Осымен бірге АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімі жаңа куәлік жазып, оны өтініш беруге береді немесе оның тұрғылықты жер бойынша тапсыру үшін АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөліміне жібереді. Бұрын берілген тууы және неке қию туралы куәліктер алынады және жойылады.

17. Қазақстан Республикасында туған немесе неке қиған және шетелде тұратын Қазақстан Республикасының азаматы тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінімді Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесіне береді.

Қазақстан Республикасының шетелдегі консулдық мекемесі қажетті тексеруден өткізгеннен кейін барлық материалдарды өз қорытындысымен бірге Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі арқылы, мәселені шешу үшін тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінім етіп жүрген Қазақстан Республикасы азаматының туу туралы акт жазбасы (ал тиісті реттерде неке қию туралы акт жазбасы) жасалған жері бойынша аумақтық әділет органына жібереді.

Аумақтық әділет органының рұқсаты негізінде тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуді тіркеу өтінімді қабылдаған Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінде жүргізіледі.

Консулдық мекеме туу туралы акт жазбасының (ал тиісті реттерде неке қию туралы акт жазбасының) жасалған жері бойынша АХАЖ-дың тиісті аудандық (қалалық) бөліміне азаматтық хал актілері жазбасына қажетті өзгерістер енгізу

үшін жүргізілген тіркеу туралы хабарлайды және хабарламаны аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің облыстық (Алматы қалалық) архивіне жібереді.

18. Шетелде туған немесе неке қиған және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының тектерін, есімдерін, әкелерінің аттарын өзгерту туралы өтінімдерді қарау осы Ережемен белгіленетін тәртіпте, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуді қалайтын адамның туу туралы акт жазбасы және неке қию туралы (өтініш иесі некеде тұрса) акт жазбасы бар я жоқ екендігін анықтағаннан кейін ғана жүргізіледі. Мәліметтерді анықтау шетелдегі консулдық мекемелер арқылы жүргізіледі.

Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту жүргізілгендігі туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы азаматының туу немесе неке қию (егер өтінім иесі некеде тұрса) туралы актілер жазбасы жасалған жердегі шет мемлекеттердің құзыретті органдарына хабарланады.

19. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы өтінімді қарау өтінім берген күннен бастап 3 айлық мерзімнен кешіктірілмей аяқталуға тиіс. Жеке реттерде аумақтық әділет органының рұқсатымен бұл мерзім 6 айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоғалған туу туралы акт жазбасын немесе неке қию туралы акт жазбасын қалпына келтіру қажеттілігі анықталғанда аталған мерзімінің барысы үзіледі.

20. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы қорытындының бірінші данасы материалдарымен қоса аумақтық әділет органы АХАЖ-ы бөлімінің облыстық (Алматы қалалық) архивіне 75 жыл бойы сақталады.

Қорытындының екінші данасы, тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге рұқсат немесе қабыл алмау туралы хабарландырудың көшірмесі және мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртек қорытынды жасаған АХАЖ-дың аудандық (қалалық) бөлімінде сақталады.

21. Тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге мынадай реттерде жол берілмейді:

1) егер өтініш иесі тергеуде, сотта болса немесе өтелмеген не заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы болса;

2) егер тегін, есімін, әкесінің атын өзгертуге мүдделі мемлекеттік органдар тарапынан қарсылықтар болса.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 1175 қаулысына
1-қосымша

ПРИЛОЖЕНИЕ 1

к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 26 сентября 1996 г. № 1175

ТУУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О РОЖДЕНИИ

Азамат (ша)

Гражданин (ка)

(тегі, есімі, әкесінің аты

фамилия, имя, отчество)

Родился (лась)

(жылы, айы, күні (цифрмен және жазумен)

число, месяц, год (цифрами и прописью)

Туған жері:

Место рождения:

(қаласы, селосы (ауылы), ауданы, облысы

город, село (аул), район, область)

бұл жөнінде туу туралы актілерді тіркеу кітабында

о чем в книге регистрации актов о рождении

жылы айының күні
19_ года _____ месяца _____ числа

N _____ жазба жасалды
произведена запись за N _____

Ата-анасы:

Родители :

Әкесі

Отец _____
(тегі, есімі, әкесінің аты

_____ фамилия, имя, отчество)

Ұлты

Национальность _____

Шешесі

Мать _____
(тегі, есімі, әкесінің аты

_____ фамилия, имя, отчество)

Ұлты

Национальность _____

Тіркелген жері

Место регистрации _____
(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері

_____ наименование и местонахождение органа ЗАГС)

Берілген күні жылы айының күні

Дата выдачи 19 _____ года _____ месяца _____ числа

М.О.

М. П.

Азаматтық хал актілерін жазатын

бөлім меңгерушісі

Заведующий отделом записи

актов гражданского состояния

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
2-қосымша

ПРИЛОЖЕНИЕ 2

к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 26 сентября 1996 г. N 1175

НЕКЕ ҚИЮ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
О ЗАКЛЮЧЕНИИ БРАКА

Азамат

Гражданин _____

(тегі, есімі, әкесінің аты

_____ фамилия, имя, отчество)

родившийся _____

_____ туған

(жылы, айы, күні - число, месяц, год)

туған жері

место рождения _____

және азаматша

и гражданка _____

(тегі, есімі, әкесінің аты

_____ фамилия, имя, отчество)

родившаяся _____ туған _____
(жылы, айы, күні - число, месяц, год)

туған жері

место рождения _____

_____ (жылы, айы, күні (цифрмен және жазумен))

_____ число, месяц, год (цифрами и прописью)

_____ неке қидырды

_____ заключили брак

бұл жөнінде неке қию туралы актілерді тіркеу кітабында

о чем в книге регистрации акта о заключении брака

жылы айының күні
19 ____ года ____ месяца ____ числа

N _____ жазба жасалды
произведена запись за N _____

Неке қиюдан кейін мынадай тектер берілді:

После заключения брака присвоены фамилии:

еріне

мужу _____

әйеліне

және _____

Тіркелген жері

Место регистрации _____

(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері

_____ наименование и местонахождение органа ЗАГС)

Берілген күні жылы айының күні
Дата выдачи 19 ____ года ____ месяца ____ числа

М.О.

М.П.

Азаматтық хал актілерін
жазатын бөлімінің меңгерушісі

Заведующий отделом записи
актов гражданского состояния

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
3-қосымша

НЕКЕНІ БҰЗУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК

Азамат _____
(тегі,

_____ есімі, әкесінің аты)

пен азаматша _____
(тегі _____

_____ арасында

_____ есімі, әкесінің аты)

199 _____ жылы _____ айының _____ күні

неке бұзылды, бұл жөнінде некені бұзу туралы актілерді тіркеу
кітабында

N _____ жазба жасалды

Неке бұзылғаннан кейін мынадай тектер берілді:

азаматқа _____

азаматшаға _____

Тіркелген жері _____

(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері)

_____ Куәлік азаматқа (шаға) _____

(тегі,

_____ берілді

_____ есімі, әкесінің аты)

Берілген күні 19 _____ жылы _____ айының _____ күні

М.О.

Азаматтық хал актілерін
жазатын бөлімнің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
4-қосымша

ӘКЕЛІКТІ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Азамат _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

азаматша _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

199 _____ жылы _____ айының _____ күні туған
баласының _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

әкесі деп танылды, бұл жөнінде әке деп тану туралы актілерді
тіркеу кітабында

199__ жылы _____ айының _____ күні

N _____ жазба жасалды

Тіркелген жері _____
(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері)

Берілген күні 19 _____ жылы _____ айының _____ күні

М.О.

Азаматтық хал актілерін
жазатын бөлімнің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
5-қосымша

ҰЛ (ҚЫЗ) АСЫРАП АЛУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Азамат (ша) _____
(асырап алған баланың тегі, есімі, әкесінің аты)

199__ жылы _____ айының _____ күні туған
Туған жері _____

азамат _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

және азаматша _____
(тегі, есімі, әкесінің аты)

оған тегін _____

есімін _____ әкесінің атын _____ беріп, асырап алды,
бұл жөнінде ұл (қыз) асырап алу туралы актілерді тіркеу туралы
кітабында 199__ жылы _____ айының _____ күні
N _____ жазба жасалды
Тіркелген орны _____
(АХАЖ органының орналасқан жері)

Берілген күні 199__ жылы _____ айының _____ күні

М.О. _____ Азаматтық хал актілерін
жазатын бөлімнің меңгерушісі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
6-қосымша

ПРИЛОЖЕНИЕ 6

к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 26 сентября 1996 г. N 1175

ТЕГІН, ЕСІМІН, ӘКЕСІНІҢ АТЫН ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПЕРЕМЕНЕ ФАМИЛИИ, ИМЕНИ, ОТЧЕСТВА

Азамат (ша)

Гражданин (ка) _____

(тегі, есімі, әкесінің аты

фамилия, имя, отчество)

19__ жылы _____ айының _____ күні туған

родившийся (аяся) _____

(число, месяц, год)

туған жері

место рождения _____

тегін, есімін, әкесінің атын былай өзгертті:

переменил (а) фамилию, имя, отчество на:

бұл жөнінде тегін, есімін, әкесінің атын өзгерту туралы актілерді
тіркеу кітабында

о чем в книге регистрации актов о перемене фамилии, имени, отчества

жылы айының күні
19 ____ года ____ месяца ____ числа

N ____ жазба жасалды
произведена запись за N ____

Тіркелген жері

Место регистрации _____
(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері

наименование и местонахождение органа ЗАГС)

Берілген күні жылы айының күні
Дата выдачи 19 ____ года ____ месяца ____ числа

М.О. Азаматтық хал актілерін жазатын
бөлімнің меңгерушісі

М.П. Заведующий отделом записи
актов гражданского состояния

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 қыркүйектегі
N 1175 қаулысына
7-қосымша

ПРИЛОЖЕНИЕ 7

к постановлению Правительства
Республики Казахстан
от 26 сентября 1996 г. N 1175

ҚАЙТЫС БОЛУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО О СМЕРТИ

Азамат (ша)

Гражданин (ка) _____

(тегі, есімі, әкесінің аты

фамилия, имя, отчество)

(жылы, айы, күні (цифрмен және жазумен)

число, месяц, год (цифрами и прописью)

жасында қайтыс болды

_____ умер (ла) в возрасте _____ лет,

бұл жөнінде қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында

о чем в книге регистрации актов о смерти

жылы айының күні

19 ____ года _____ месяца _____ числа

N _____ жазба жасалды

произведена запись за N _____

Қайтыс болу себебі

Причина смерти _____

Қайтыс болған жері:

Место смерти: _____

(қаласы, селосы (ауылы), ауданы, облысы

город, село (аул), район, область)

Тіркелген жері

Место регистрации _____

(АХАЖ органының атауы мен орналасқан жері

наименование и местонахождение органа ЗАГС)

Берілген күні жылы айының күні
Дата выдачи 19__ года _____ месяца _____ числа

М.О. Азаматтық хал актілерін жазатын
бөлімнің меңгерушісі

М.П. Заведующий отделом записи
актов гражданского состояния